



Мазмұны:

- 1-бап. Жалпы ережелер мен ұғымдар
- 2-бап. Сақтандыру объектісі және сақтандыру шартының мәні
- 3-бап. Сақтандыру жағдайлары
- 4-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер
- 5-бап. Шарт жасау тәртібі
- 6-бап. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысы
- 7-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны
- 8-бап. Сақтандыру шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері
- 9-бап. Шарттың қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары
- 10-бап. Сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері
- 11-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары
- 12-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі
- 13-бап. Сақтанушының шығындарды өтеу құқығының сақтандырушыға ауысуы (суброгация)
- 14-бап. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары
- 15-бап. Дауларды шешу тәртібі
- 16-бап. Қосымша шарттар

1-бап. Жалпы ережелер мен ұғымдар

1. Осы Туристі міндетті сақтандыру ережесі (бұдан әрі мәтін бойынша - «Ереже», не «Сақтандыру ережесі») Қазақстан Республикасының «Туристі міндетті сақтандыру туралы» Заңына (бұдан әрі мәтін бойынша - «Заң»), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі мәтін бойынша - «Кодекс») және Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының басқа да ережелеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережеге сәйкес бұдан әрі «сақтандырушы» деп аталатын «Евразия» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы сақтанушыны Ережеге қосу және сақтандырушының сақтандыру полисін (Ережеге № 1 қосымша) және сақтандыру сертификатын (Ережеге № 2 қосымша) ресімдеу жолымен туристі міндетті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша –«Шарт») жасайды.

3. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) **ассистанс** – ассистанс компанияның сақтандырылушыға сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан техникалық, медициналық және өзге де жәрдемдесу арқылы көмекті ұйымдастыруы;

2) **ассистанс компания** – туристі міндетті сақтандыру шарты шеңберінде сақтандырушымен шетелге шығатын туриске (сақтандырылушыға) ассистанс беру туралы шарт жасасқан заңды тұлға;

3) **пайда алушы** - осы Ережеге сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

4) **сақтандыру жағдайы** - Шарттың сақтандырылушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиғасы;

5) **сақтандыру омбудсманы** – Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

6) **сақтандыру сертификаты** - жасалған сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) растау үшін сақтандырушы ресімдеген, сақтандырылушыға қатысты қолданыстағы сақтандыру арқылы қорғаудың бар екені туралы куәландыратын және сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыруды жабу талаптары туралы ақпаратты қамтитын құжат;

7) **сақтандыру сомасы** - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы



басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

8) **сақтандыру сыйлықақысы** - сақтанушы сақтандырылушыға (пайда алушыға) Шартта айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

9) **сақтандыру төлемі** - сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырылушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

10) **сақтандырушы** – «жалпы сақтандыру» саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияны алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырылушыға (пайда алушыға) шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті сақтандыру ұйымы;

11) **сақтандырылушы**- шетелге шығатын турист;

12) **сақтанушы** - сақтандырушымен Шарт жасасқан көшпелі туризм саласындағы туроператор;

13) **турагент** - шығу туризмі саласындағы туроператор қалыптастырған туристік өнімді алға ілерілету мен өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

14) **туристі міндетті сақтандыру** - сақтандырылушының осы Ережеде көрсетілген оқиғалар салдарынан күтпеген шығыстардың туындау тәуекеліне байланысты мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешені;

15) **сақтандыру аумағы** – туристік қызмет көрсету аумағы;

16) **Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органы** - қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік орган.

2-бап. Сақтандыру объектісі және Шарттың мәні

1. Шартқа сәйкес сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде моральдық зиян мен ұтылған пайданы өтеуге, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын төлеуге байланысты талаптарды қоспағанда, Ереже мен Заңның талаптарын ескере отырып, жасалған Шарттың негізінде сақтандырылушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Осы Ережеде көрсетілген сақтандыру жағдайларының басталуы нәтижесінде өміріне, денсаулығына зиян келтірілген сақтандырылушының мүліктік мүддесі туристі міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

3. Сақтанушының Шарт жасасуы оның келісімін, сондай-ақ сақтандырылушының (пайда алушының) сақтандырушының не үшінші тұлғаның қайта сақтандыру шартын жасасу кезінде дербес деректерді беруді қоса алғанда, сақтандырылушының (пайда алушының) дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін растайды. Дербес деректерді пайдалану сақтандырушының не үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ сақтандырушы қызметінің мақсаттарын тұтастай іске асыру үшін жүзеге асырылады.

4. Сақтанушының Шарт жасасуы оның келісімін, сондай-ақ сақтандырылушының (пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруді қоса алғанда, дербес деректерді жинауға, сақтауға және өңдеуге келісімін растайды.

5. Сақтанушының Шартты жасауы сақтандырылушының (пайда алушының) Шарт жасасуға, сондай-ақ сақтандырушының не үшінші тұлғаның сақтандырылушының (пайда алушының) дербес деректерін өңдеуге жазбаша келісімін алғанын растайды, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ осындай қажеттілік болған кезде сақтандырылушыны ауыстыруға келісімді қоса алғанда

6. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оған келтірілген шығындарды дәлелдеу сақтанушыға, сақтандырылушыға, пайда алушыға жүктеледі.



3-бап. Сақтандыру жағдайлары

1. Шарт күшіне енгеннен кейін туындаған мынадай оқиғалар сақтандыру жағдайы деп танылады:

1) сақтандыру аумағында болған, сақтандырылушының қайтыс болуына не оның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан жазатайым оқиға.

Жазатайым оқиға деп сақтандырылушыға қатысты аяқ астынан, күтпеген жерден орын алған, қасақана болмаған сыртқы оқиға немесе әсер ету түсініледі;

2) денсаулығына елеулі зиянды болғызбау немесе өміріне төнген қауіпті жою үшін сақтандырылушыға шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуді талап ететін, кенеттен қатты ауыру, денсаулық жағдайының күрт нашарлауы және (немесе) созылмалы ауруының асқынуы сақтандыру жағдайы деп танылады.

2. Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырылушының іс жүзіндегі шығыстарының сомасын негізге ала отырып, сақтандырылушы не ассистанс компания ұсынған, осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде айқындайды.

4-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер

1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

1) сақтандырылушының сақтандыру жағдайын туындатуға бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттерінің;

2) сақтандырылушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін:

1) сақтандырылушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;

2) еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғаның басталуы;

3) әрбір жеке сақтандыру жағдайы бойынша іс жүзінде шеккен шығыстар негізге алына отырып ұсынылатын құжаттарды қоспағанда, сақтандырылушының Заңның және осы Ереженің сәйкес сақтандыру төлемі туралы өтінішке қоса берілетін құжаттарды сақтандырушыға толық көлемде ұсынбауы;

4) сақтандырушының сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруы;

5) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде көзделген негіздер негіз бола алады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген негіздерден басқа, сақтандырушы мынадай:

1) сақтандырылушы кәсіби спортпен айналысқан;

2) сақтандырылушының мынадай:

3) емдеуші дәрігердің нұсқамасы бойынша дәрілік заттарды тұтыну;

4) құқық қорғау органы және (немесе) сот анықтаған, есірткі, уытқұмарлық заттарды мәжбүрлі түрде тұтыну жағдайларын қоспағанда, алкогольдік, сондай-ақ есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйдің ауыр дәрежесінде болуы салдарынан басталған оқиға;

Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде сақтандырушы Қағидаларда көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жібереді.

5-бап. Шартты жасау тәртібі

1. Туристі міндетті сақтандыру Ережеге, Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес сақтанушы мен сақтандырушы арасында сақтандырылушының пайдасына жасалатын Шарт негізінде жүзеге асырылады.

Сақтандырылушының ерікті сақтандыру шартын жасауы сақтанушыны Шарт жасау бойынша міндетінен босатпайды.



2. Шарт сақтандырушының сақтанушыға электрондық нысанда сақтандыру полисін және сақтандыру сертификатын ресімдеуі арқылы жасалады.

Сақтанушы туристі міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде уақытша болатын елге (жерге) және туристік қызмет көрсету шартында көрсетілген саяхат күндерінің санына қарай осы Ережеге №3 қосымшада көзделген сақтандыру бағдарламаларының бірін тандайды, ол бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі (сақтандыру сомасы) және өтеуге жататын шығыстардың түрлері туристің өмірі мен денсаулығын сақтандыру бөлігінде халықаралық шарттардың және сақтандырылушы уақытша болатын ел (жер) заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

Сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушыны, сақтандырылушыны сәйкестендіру үшін қажетті деректер қамтылатын сақтанушының өтініші туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

Сақтанушы тек қана турагент арқылы:

- 1) әрбір сақтандырылушыға сақтандыру сертификатын беруге;
- 2) сақтандырылушының талап етуі бойынша сақтандыру полисін ұсынуға міндетті.

3. Туристі міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисі мен сақтандыру сертификатының мазмұнына қойылатын және оларды ресімдеу жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленеді.

4. Шартты электрондық нысанда жасау кезінде сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу үшін сақтандырушының интернет-ресурсы пайдаланылады.

Шартты электрондық нысанда жасасу үшін өтініш беру кезінде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.

5. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

6. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып Шарт жасасу кезінде сақтандырушы қамтамасыз етеді:

1) сақтанушыға, сақтандырылушыға туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаны электрондық хабар түрінде дереу жөнелтуді;

2) сақтанушының, сақтандырылушының Шарт бойынша ақпаратты деректер қорын қалыптастыру және жүргізу бойынша ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы тексеру мүмкіндігін;

3) сақтандырушының интернет-ресурсына сақтандырылған сақтанушы үшін тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, Шартты электрондық нысанда сақтауды;

4) сақтанушыға, сақтандырылушыға сақтандырушыға қажетті ақпаратты (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) электрондық нысанда құру және жіберу мүмкіндігін:

- мәліметтерді өзгерту, шартты қайта ресімдеу үшін;
- шартты мерзімінен бұрын тоқтату үшін;
- сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау үшін.

Шарт жасасу туралы хабарлама деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.

7. Шарт жасасу туралы хабарламаның тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.

8. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып Шарт жасасқан кезде, егер Шартта өзгеше көрсетілмесе, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап сақтанушы ұсынған талаптарда Шарт жасасқан болып есептеледі.

9. Шартты Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде сақтанушы өзіне ұсынылған шарттарда Қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растай отырып, осы Ережеде көзделген сақтандыру шарттарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын төлейді.



10. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып Шарттар жасасу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

11. Шартты жасасу кезінде сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі мәні бар сақтанушыға белгілі мән-жайларды, егер бұл мән-жайлар сақтандырушыға белгісіз болса және белгілі болуға тиіс болмаса, хабарлауға міндетті, оның ішінде:

- 1) атауы, мекенжайы, банктік деректемелері, телефоны;
- 2) Сақтандырылушының тегі, аты, туған күні, тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы, телефоны;
- 3) сақтандыру аумағы, сапар мақсаты мен кезеңі;
- 4) қажет болған жағдайда хабарласуға болатын жақын туысының телефоны;
- 5) сақтандырумен өтелетін шығыстар мен қызметтердің тізбесі;
- 6) аурулардың, оның ішінде созылмалы, онкологиялық аурулардың болуы, мүгедектіктің болуы, Шартқа сақтандырылғандар ретінде енгізілетін адамдардың жүктілігінің болуы.

12. Шартты жасасу үшін сақтандырушы сақтанушыдан тәуекел дәрежесін сипаттайтын, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар құжаттарды, егер бұл мән-жайлар сақтандырушыға белгісіз болса және белгілі болуға тиіс болмаса, талап етуге құқылы.

13. Сақтандырушы сақтанушының жалған мәліметтер хабарлау не мәліметтерді жасыру фактісін анықтаған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

14. Сақтандырылушыға Шарт бойынша қызмет алу мақсатында сақтандыру полисін не сақтандыру сертификатын басқа тұлғаларға беруге тыйым салынады.

15. Сақтандырылушы Шартты (сақтандыру полисін не сақтандыру сертификатын) үшінші тұлғаға берген жағдайда сақтандырушы осы сақтандырылушыға қатысты Шарттың қолданылуын сақтандыру сыйлықақысын қайтарусыз мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

16. Шарт (сақтандыру полисі не сақтандыру сертификаты) жоғалған кезде сақтандырылушы бұл туралы сақтандырушыға 24 сағат ішінде хабарлауға міндетті. Жоғалған құжаттар жарамсыз деп танылады және ассистанс компаниясына өтініш жасауға негіз бола алмайды. Сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандырылушыға Шарттың электрондық телнұсқасын не Шарттың қағаз жүзіндегі телнұсқасын жібереді.

6-бап. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысы

1. Сақтандыру бағдарламалары бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі (сақтандыру сомасы), әрбір сақтандыру жағдайы бойынша өтеуге жататын шығыстардың түрлері осы Ережеге №3 қосымшада белгіленген.

2. Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі (сақтандыру сомасы) Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларымен белгіленеді. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне белгілеген бағам бойынша АҚШ доллары пайдаланылады.

3. Халықаралық шарттарда, уақытша болатын елдің (жердің) заңнамасында, туристі міндетті сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемдері еуромен белгіленеді.

4. Залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында сақтандырылушы шеккен шығыстарды сақтандырушы, тіпті, егер тиісті шаралар сәтті болмаса да, егер осындай шығыстар сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жүргізілген болса, өтеуге тиіс.

5. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемақысының жалпы сомасы туристі міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтандырушының нұсқауларын сақтандырылушының орындауы салдарынан туындаған болса, олар Шарт бойынша оған тиесілі болатын сақтандыру сомасына қарамастан, толық мөлшерде өтеледі.

6. Көрсетілген шығыстарды сақтандырушы шығыс шеккен тұлғаға тікелей өтейді.



7. Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әрбір сақтандырылушы бойынша әрбір күн үшін жеке есептеледі және Шарт жасалған күні бір сапар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша АҚШ долларымен төмендегі мөлшерді құрайды:

Сапар күндерінің саны	1-бағдарлама	2-бағдарлама	3-бағдарлама
10 күнге дейін	1,12	1,51	1,83
11 күннен 20 күнге дейін	1,12	1,48	1,70
21 күннен 40 күнге дейін	1,12	1,43	1,59
41 күннен 60 күнге дейін	1,03	1,40	1,53
61 күннен 90 күнге дейін	1,03	1,35	1,48
91 күн және одан көп	0,95	1,30	1,40

8. Сақтандыру сыйлықақысын есептеу мақсаттары үшін жолда болу уақытын қоса алғанда, сақтандырылушының уақытша болатын елдің (жердің) аумағында болатын күндердің саны (мерзім) пайдаланылады.

9. Туристі міндетті сақтандыру шартында сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемдері еуромен белгіленген кезде халықаралық шарттарда, уақытша болатын елдің (жердің) заңнамасында көзделген жағдайларда, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әрбір сақтандырылушы бойынша жеке есептеледі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Шарт жасалған күнге белгілеген бағам бойынша еуромен жоғарыда көрсетілген мөлшерлерді құрайды.

10. Туристі міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы осы бапта көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін сақтандыру тәуекеліне өзі жүргізген бағалау нәтижелері бойынша ұлғайта алады, бірақ ол екі еседен аспауға тиіс.

11. Сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы біржолғы төлеммен төлейді.

12. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

13. Сақтанушы Шартта айтылған мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, сақтандырушының жазбаша не электрондық түрде хабарлама жіберу арқылы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген күннен бастап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

14. Сақтандырушының банк шотына немесе кассасына ақша қаражатының түскен күні сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу күні болып есептеледі.

7-бап. Шарттың қолданылу мерзімі мен орны

1. Шарт сақтанушы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі аумақтық бөлімшесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту туралы белгісін алған кезден бастап сақтандыру сыйлықақысын төлегеннен кейін күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2. Шарттың қолданылу мерзімі туристік қызмет көрсетуге арналған шартта белгіленген сапар мерзімінен кем болмауға тиіс. Туристі міндетті сақтандыру шарты сақтандырылған адам сақтандыру аумағынан шығу кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтке дейін, бірақ туристің рейстің кешіктірілуі себебінен қосымша мерзімге шетелде болған жағдайды қоспағанда, Шартта көрсетілген сақтандыру мерзімі аяқталған күннен кешіктірмей қолданылады.

3. Шарт алғашқы сақтандыру жағдайы бойынша өзінің қолданылуын тоқтатпайды.

4. Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған және туристік қызмет көрсету шарты бойынша саяхат күндерінің саны ұлғайған кезде сақтанушы сақтандырылушының уақытша орналасқан елінде (жерінде) болуының қосымша күндеріне жаңа Шарт жасасады.

5. Туристік қызмет көрсету аумағы Шарттың қолданылу аумағы (сақтандыру аумағы) болып табылады.



6. Туристі сақтандырудың міндетті бағдарламалары бойынша сақтандыру аумағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

7. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, мыналар:

1) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары баруға ұсынбайтын аумақтар;

2) сақтандырылушының уақытша тұруға рұқсаты немесе сақтандыру аумағында 90 күннен астам үзіліссіз болуға рұқсат беретін өзге құжаты болатын мемлекеттер;

3) сақтандырылушы азаматы болып табылатын мемлекеттер сақтандыру аумағынан алып тастауға жатады.

8. Туристі міндетті сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтандыру аумағы осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) тармақшасында белгіленген алып тастауға жататын жағдайларда сақтандыру аумағын алып тастау туралы талап қолданылмайды.

8-бап. Шарт тараптарының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушы құқылы:

1) сақтандырушыдан туристі міндетті сақтандырудың талаптары мен тәртібін, туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) Шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

4) Шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға.

2. Сақтанушы міндетті:

1) тиісті лицензиясы бар сақтандырушымен Шарт жасасуға;

2) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болған екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұл туралы сақтандырушыға хабарлауға (ауызша, жазбаша). Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен жазбаша расталуға тиіс;

4) Шарт жасасқан кезде сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының Шарт жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы, сондай-ақ Шартқа енгізу үшін қажетті мәліметтер туралы хабарлауға.

5) сақтанушыға тиісті тексеру жүргізу шеңберінде сақтандырушы сұрататын құжаттарды ұсынуға;

6) сақтанушы шығу туризмі саласында туроператор қалыптастырған туристік өнімді өткізген тұлғаны сақтандырушымен осы тұлғаның пайдасына туристі міндетті сақтандыру шартын жасасқаны туралы хабардар етуге.

7) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы талқылауға мүмкіндік беретін құжаттарды ұсынуға;

8) сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан болуы мүмкін кез келген оқиға кезінде компаниямен ассистанспен не сақтандырушымен дереу байланысу және одан арғы іс-қимылдар туралы ақпарат алуға;

9) Ереженің талаптарын, Шарттың шарттарын сақтауға;

10) сақтандыру құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге және медициналық қызметтер алу мақсатында оларды басқа адамдарға бермеуге;

11) сақтандырылушылардың назарына сақтандыру шарттарын жеткізуге;

12) сақтандырушыдан тиісті талап болған кезде сақтандырылушыны оның нақты денсаулық жағдайын бағалау және сақтандыру тәуекелін арттыруға ықпал ететін мән-жайларды немесе шартты жасау сәтіне дейін туындаған аурудың болуын анықтау үшін медициналық тексеруді



қамтамасыз етуге;

13) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының ауысуын қамтамасыз етуге;

14) өзіне белгілі болған, Шартты жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер Шарттың қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлауға.

3. Сақтандырылушы құқылы:

1) Шарт жасасу үшін сақтандырушыны таңдауға;

2) сақтандыру сертификатын және қажет болған жағдайда сақтандыру полисін алуға;

3) сақтандырушыдан және (немесе) сақтанушыдан туристі міндетті сақтандырудың шарттары мен тәртібін, сақтандыру полисінде және сақтандыру сертификатында көрсетілген өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

4) Шарт бойынша қызметтерді ұсынбау, толық немесе сапасыз ұсыну жағдайлары туралы сақтандырушыға хабарлауға;

5) сақтандырушы жүргізген сақтандыру төлемінің мөлшерімен танысуға;

6) осы Ереженің 15-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не Шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

7) өтінішті және қоса берілген құжаттарды «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

8) өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;

9) Заңда және осы Ережеде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

10) сақтандыру сертификатының телнұсқасын және қажет болған жағдайда оларды жоғалтқан жағдайда сақтандыру полисінің көшірмесін алуға.

4. Сақтандырылушы (пайда алушы) міндетті:

1) Шарт жасасу кезінде сақтанушыға Шартқа енгізу үшін қажетті мәліметтерді ұсынуға;

2) сақтандыру полисінде, сақтандыру сертификатында және осы Ережеде көрсетілген Шарттың талаптарын мүлтіксіз сақтауға және танысуға;

3) сақтандыру полисінің (ол болған кезде) және (немесе) сақтандыру сертификатының және сақтандыру жағдайына қатысты растайтын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

4) сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту шараларын қабылдауға;

5) сақтандыру жағдайы басталған кезде жедел түрде жеке немесе өкіл арқылы ассистанс компаниясын сақтандыру сертификатында көрсетілген кез келген қол жетімді байланыс тәсілдері туралы хабардар етуге, техникалық, медициналық және өзге де көмекті ұйымдастыру, іс-әрекеттерді келісу және шығыстарды жүзеге асыру мақсатында компания ассистансының сақтандыру сертификаты және (немесе) сақтандыру полисі туралы деректерді хабарлауға;

6) сақтандыру жағдайы туындаған кезде компанияның, сақтандырушының және өзге де құзыретті тұлғалардың, уақытша болатын елдің (жердің) билік органдарының, сондай-ақ медициналық мекемелердің, мамандар мен дәрігерлердің ұсынымдарын, ассистанс нұсқауларын орындауға;

7) сақтандырушыға сақтандыру жағдайымен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы мән-жайларды анықтау үшін қажетті қолда бар құжаттарды ұсынуға;

8) шұғыл жағдайда медициналық көмек алған кезде және сақтандыру жағдайы туралы дәлелді себептер бойынша компанияның ассистансына дереу хабарлау мүмкін болмаған кезде екі тәулік ішінде не бірінші мүмкіндікте болған оқиға туралы компанияға ассистансқа хабарлауға;

9) сақтандырушының сұрау салуы бойынша құжаттардың нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шет тіліндегі құжаттарды ұсынуға;



10) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге.

11) жарақат алған, уланған жағдайда және басқа да жазатайым оқиғалар кезінде қандағы алкогольдің және басқа да психикалық белсенді, есірткі заттарының болуына медициналық куәландырудан өтуге міндетті. Сақтандырылушы осы рәсімнен өтуден бас тартқан кезде сақтандырушы өз қалауы бойынша сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға.

5. Шартта сақтанушы мен сақтандырылушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

6. Шартқа қол қоюмен және сақтандыру сертификатын алумен сақтанушы (сақтандырылушы) өз келісімін, сақтандырылушылардың (оның ішінде кәмелетке толмаған тұлғалардың) дәрігерлер мен медициналық мекемелердің өзге де қызметкерлерін, сондай-ақ сақтандырушыны сақтандыру жағдайына қатысты бөлігінде және Шарттың талаптарын орындау мақсатында сақтандыру төлемін жүзеге асыруға және қызметтер көрсетуге қатысатын сақтандырушының, тасымалдаушының, медициналық мекемелердің және үшінші тұлғалардың алдында құпиялылықты, сақтандыру құпиясы мен дәрігерлік құпияны сақтау міндетінен босатылуы мүмкін екендігіне, босатуға келісімін растайды, ұсынады және қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда дәрігерлерге, медициналық ұйымдарға және өзге де уәкілетті тұлғаларға (тұрақты тұратын елінде де (азаматтығында), сол сияқты сақтандыру аумағында да) сақтандырушыға оның сұрау салуы бойынша сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеру үшін қажетті құжаттар (анықтамалар, қорытындылар және т.б.) мен мәліметтерді беруге, сондай-ақ Шарттың талаптарын орындау мақсатында оларды беруді жүзеге асыруға жазбаша уәкілеттік беруге міндеттенеді.

7. Сақтандырушы құқылы:

1) Шарт жасасу кезінде сақтанушыдан Шартқа енгізу үшін қажетті сақтандырылушы туралы мәліметтерді ұсынуды талап етуге;

2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне сүйене отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісіне және сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін айқындауға байланысты құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

3) Ережеде көрсетілген сақтандыру жағдайларының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы сақтандырылушылардың талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;

4) заңнамада және Ережелерде көзделген жағдайларда зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын ұсынуға;

5) заңнамада және Ережеде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға;

6) сақтанушыдан немесе сақтандырылушыдан сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті құжаттарды талап етуге;

7) сақтандырылушының нақты денсаулық жағдайын бағалау үшін оған тексеру жүргізуге;

8) осы Ережеде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;

9) сақтандыру жағдайына байланысты іс бойынша азаматтық, әкімшілік не қылмыстық іс жүргізу тоқтатылған кезге дейін сақтандыру жағдайы бойынша мәселені қарауды тоқтата тұруға.

8. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтанушыны міндетті сақтандырудың шарттарымен және тәртібімен, оның ішінде Шарттан туындайтын тараптардың құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;

2) Шарт жасасу кезінде сақтандыру полисін және сақтандыру сертификатын ресімдеуге;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережеде көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін жүргізуге;

4) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушының өтеуіне жататын зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық



тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;

5) сақтанушыдан, сақтандырылушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған кезде сақтанушының, сақтандырылушының (пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге;

6) сақтанушыдан, сақтандырылушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта бағыттауға;

7) сақтандырылушыдан Заңда және осы Ережеде көзделген құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындауға және сақтандырылушыға танысуға ұсынуға;

8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

9) сақтандырылушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге;

10) Шарт шеңберінде ассистансты қамтамасыз етуге міндеттенетін бір және (немесе) бірнеше ассистанс компаниялармен шарттар жасасуға.

11) туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабарлама кезінде оны дереу тіркеуге және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісін сәйкес деректер қорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) бойынша мәліметтер беруге.

9. Осы бап тараптарының құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, жекелеген құқықтар мен міндеттер Ережелердің басқа баптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген.

9-бап. Шарттың қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдарлары

1. Шарттың қолданылу кезеңінде сақтанушы (сақтандырылушы) Шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

2. Қалай болғанда да мынадай өзгерістер елеулі деп танылады:

1) сапар мақсаттарының өзгеруі;

2) сақтандыру аумағының не саяхат мақсатының өзгеруі.

3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы Шарттың шарттарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

4. Егер сақтанушы немесе сақтандырылушы Шарттың шарттарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Шартты бұзуды талап етуге құқылы.

5. Сақтанушы немесе сақтандырылушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған кезде сақтандырушы Шартты бұзуды және Шартты бұздан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы..

6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылған болса, сақтандырушының Шартты бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

10-бап. Сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері

1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан болуы мүмкін кез келген оқиға басталған кезде, яғни Шартта көрсетілген медициналық көмекке (көрсетілетін қызметтерге) немесе өзге де қосымша көмекке жүгінгенге дейін сақтандырылушы дереу, бірақ ол басталған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірмей, компанияға Шартта көрсетілген телефондар бойынша ассистанс арқылы хабарласуға міндетті.

2. Ассистанс компаниясына жүгінген кезде мынадай ақпаратты хабарлау керек:



- 1) Сақтандырылушының Т.А.Ә.;
 - 2) туған күні;
 - 3) байланыс телефоны;
 - 4) келген елі, өңірі, қаласы, қонақ үйдің атауы (апартаменттердің мекенжайы);
 - 5) Шарттың (сақтандыру полисінің) нөмірі;
 - 6) жүгіну себебі.
3. Ассистанс компаниясына жүгінген кезде сақтандырылушы (пайда алушы) компания мен сақтандырушының ассистанс нұсқауларына сәйкес әрекет етуге міндетті. Кез келген дербес іс-әрекеттер ассистанс компаниясымен және сақтандырушымен міндетті түрде келісілуге тиіс.
4. Сақтандыру жағдайы басталған кезде ассистанс компания сақтандырылушыға осы Ережеде және Шартта көзделген қызметтерді көрсетуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Қызметтер шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті және жеткілікті көлемде ұсынылады.
5. Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандырушыны сақтандыру оқиғасы туралы хабардар ету бойынша міндет сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде сақтанушыға (пайда алушыға) жүктеледі.
6. Ассистанс компаниясына уақытылы жүгіну және сақтандырылушының Шартқа сәйкес сақтандырумен өтелетін шығыстар мен қызметтерге байланысты шығыстарын келісу сақтандыру төлемін жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады. Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырылушыға ұсынылған осы шығыстарды растайтын құжаттардың не компания ассистансының негізінде сақтандырылушының нақты шығыстарының сомасын негізге ала отырып айқындайды.
7. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген залалдарды дәлелдеу сақтанушыға, сақтандырылушыға (пайда алушыға) жүктеледі.
8. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) тексеруді және емдеуді орындайтын дәрігерді сақтандырушы және ассистанс компания алдындағы дәрігерлік құпияны сақтау міндетінен босатуға міндетті.
9. Ассистанс компания ұйымдастырған сапарының/дәрігердің қабылдауының сәтінде сақтандырылушы, пайда алушы шақыру орнында болмаған жағдайда, дәрігердің келесі сапары және оның қызметтері сақтандырылушының есебінен ұйымдастырылады және төленеді. Бұл ретте, ассистанс компаниясы сақтандырылушының, пайда алушының келген жері бойынша өз бетінше жүгінуі не дәрігерді шақыру үшін медициналық мекеменің координаттарын ұсынады. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандырушының талап етуі бойынша сақтандырылушының, пайда алушының болмауына байланысты болмаған медицина қызметкерінің сапарын ұйымдастыруға жұмсалған шығыстарды өтеуге міндетті.

**11-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары.
Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығындар мөлшерін растайтын
құжаттардың тізбесі.**

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап жазбаша нысанда, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырылушыға, не ассистанс компания берген кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қойылады.

Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті, бұған сақтандырушы қол жеткізе алатын мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттар қосылмайды.

2. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырылушыға ассистанс берген кезде сақтандырылушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтандырылушы не ассистанс компания жазбаша нысанда ұсынады.

3. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық нысанда электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық



нысанда сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні сақтандырушының орналасқан жері бойынша құжаттардың түпнұсқаларын сақтандырушыға ұсынудан босатпайды.

3. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар ұсынылады:

1) сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжатының немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің аумақтық бөлімшесі құрылымдық бөлімшесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткені туралы белгісі бар паспортының және (немесе) сақтандырылушының сақтандыру аумағында болуына негіз болып табылатын құжаттың көшірмесі;

2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі, оның ішінде:

2.1. медициналық көмекке өтініш жасаған күні, сақтандырылушының медициналық көмекке өтініш жасаған кездегі денсаулық жағдайы, диагнозы, дәрігердің тағайындауы (рецепті) туралы, жүргізілген медициналық манипуляциялар және саны, күні мен құны бойынша бөліне отырып, берілген дәрілік заттар туралы мәліметтерді қамтитын, медициналық мекеменің және дәрігердің мекенжайы мен байланыс деректері көрсетілген медициналық құжаттар;

2.2. сомасы, валютасы, төлеу күні көрсетіле отырып, сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан сақтандырылушыға көрсетілген медициналық және өзге де қызметтердің ақысын төлеу фактісін растайтын құжаттар;

2.3. атауы, саны мен құны көрсетіле отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (тауар чектері, шот-фактуралар, ақы төлеу туралы квитанциялар және өзге де құжаттар);

2.4. жазатайым оқиға болған кезде – сақтандырылушының психикалық белсенді заттарды тұтыну фактісін және масаң күйін анықтау бойынша медициналық құжаттар;

2.5. жазатайым оқиға болған кезде – жазатайым оқиға фактісін және оның орын алу мән-жайын растайтын құқық қорғау, сот органдарының және өзге де құзыретті органдардың құжаттары;

2.6. қайтыс болу себебі көрсетілген қайтыс болу туралы куәлік, сот-медициналық сараптаманың қорытындысы немесе патологиялық-анатомиялық ашып қарау хаттамасы сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда ұсынылады;

2.7. уақытша болатын елде (жерде) мәжбүрлі түрде анағұрлым ұзақ мерзім болған кезде не сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан Қазақстан Республикасының аумағына мерзімінен бұрын оралған кезде – жол жүру құжаттарының (билеттер, отырғызу талондары) күшін жоюды немесе оларды ауыстыруды, қонақ үйде брондалған нөмірден, сондай-ақ шетелде болған мерзімнің пайдаланылмаған бөлігі үшін сақтандырылушыға ұсынылған басқа да туристік көрсетілетін қызметтерден бас тартуды растайтын құжаттар;

2.8. сақтандырылушының кәмелетке толмаған балаларын және (немесе) жақын туыстарын тасыған кезде – жол жүру құжаттары (билет, отырғызу талондары);

2.9. сақтандыру сертификатында немесе сақтандыру полисінде көрсетілген телефон нөмірлері бойынша сақтандырушыға және ассистанс компанияға телефон соғудың, хабарлардың жүзеге асырылғанын растайтын құжаттар;

2.10. залалдарды болғызбау және азайту бойынша шаралар қабылдауға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар;

2.11. пайда алушының жеке басын және құқықтарын растайтын құжаттар, қажет болған кезде, ұсынылады.

4. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып, анықтама беруге міндетті.

5. Өтініш беруші сақтандыру төлемі туралы өтінішті электрондық тәсілмен жіберген жағдайда сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

6. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы сақтандырылушыдан (пайда алушыдан) оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқылы емес.

7. Сақтандырылушы деп айқындалған тұлға, ал сақтандырылушы қаза тапқан жағдайда - оның мұрагерлері пайда алушы болып табылады.



8. Сақтандыру төлемі уақытылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы сақтандырылушыға (пайда алушыға) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

12-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

1. Сақтандыру төлемін сақтандырушы мынадай жолмен жүзеге асырады:

1) сақтандырылушының сақтандыру жағдайының басталуы және сақтандырылушының шұғыл жағдайда бұл туралы ескертусіз медициналық көмек алуы салдарынан компанияның ассистансы дәлелді себептермен оның осы Ережелерде көзделген құжаттарды алған күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей шығыстарын өтеу;

2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ассистанспен компанияның келісімі бойынша сақтандырылушыға медициналық және өзге де мекеме көрсеткен қызметтердің құнын төлеу.

2. Сақтандыру төлемінің мөлшерін Шарттың тараптары немесе пайда алушы даулаған жағдайларда сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың ешқайсысы дауламайтын бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.

3. Егер сот шешімді дереу орындауға бағыттамаса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің даулы бөлігін бітімгершілік келісім туралы сот ұйғарымы немесе осы дау бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

4. Шарттың қолданылу кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған кезден бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін.

5. Егер сақтандыру жағдайы салдарынан болса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтанушының, сақтандырылушының немесе пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;

2) сақтанушының, сақтандырылушының немесе пайда алушының сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін негіз болып табылады:

1) сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы не қажетті мәліметтерді хабарламауы;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органының ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде сақтанушының, сақтандырылушының және/немесе пайда алушының болуы.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органының тізбесіне енгізілген тұлғаның барлық ақшалай операциялары ол көрсетілген тізбеден шығарылған сәтке дейін оқшауланады;

3) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) терроризмге және кіріс жолымен алынған ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;

4) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде;

5) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуге және ол келтірген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі жасауы;

6) сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) заңнаманың, осы Ереженің немесе Шарттың ережелерін бұзған жағдайда;

7) Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де



жағдайларда.

7. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде сақтандырушы осы Ереженің 11-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

13-бап. Сақтанушының шығындарды өтеу құқығының сақтандырушыға ауысуы (суброгация)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге кінәлі тұлғаға кері талап қою құқығы төленген сома шегінде өтеді.
2. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзіндегі барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған сақтандырушының өзіне ауысқан талап ету құқығын пайдалануы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Егер сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартқан жағдайда немесе бұл құқықты жүзеге асыру сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) кінәсінен мүмкін болмаған жағдайда, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

